4. Абдираманова А. Т., Анламасова Ы. Ж. Ұлттық менталитеттегі салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптардың маңызды ролі // Молодой ученый. — 2015. — №1.1. — С. 116-118.
5. Қазақтардағы шамандықтың қалдығы // Уәлиханов Ш. Таңдамалы. 2 бас. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
6. Нұрмұратов С.Е., Сағиқызы А. Ұлттық рух мәселесі хақында // Халықаралық ғылыми конференция материалдары. - А., 2006. – 178 б.
7. Ахметова З. Күретамыр. – Алматы, 2018. – 208 б.
8. Жұмаділов Қ. Аққуды атпас болар: Хикаяттар, әңгімелер, сыр-сұхбат, ой-толғамдар. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС; «Дәстүр», 2015. – 388 б.

ӘОЖ 82.09:398

**Жақан Дүйсенгүл Советқызы**  
фольклортану бөлімінің аға ғылыми қызметкері  
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты  
(Алматы қ., Қазақстан)

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ҮРДІС

**Аннотация:** Бұл мақалада қазіргі қазақ поэзиясындағы фольклорлық үрдістердің көріністері мен олардың көркемдік қызметі қарастырылады. Жанат Әскербекқызы мен Маржан Ершуова сынды ақындардың шығармаларындағы фольклорлық образдардың қайта жаңғырту тәсілдері талданып, ертегілік және эпостық элементтердің поэзияда қолдану ерекшеліктері сипатталады. Ақындардың шығармашылықтары арқылы фольклордың заманауи поэзиядағы эстетикалық мәні мен поэтикалық құрылымға ықпалы ашылып көрсетіледі. Сонымен қатар, мифтік және символикалық элементтердің қазіргі оқырманның санасында жаңаша ұғынылуы талқыланады.

**Түйінді сөздер:** қазақ поэзиясы, фольклорлық үрдістер, фольклорлық образдар, мифтік элементтер, заманауи поэзия, эстетикалық мән.

### Кіріспе

Қазақ халқының рухани мұрасы – фольклор – ұлттың сан ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады. Ол халықтың өмір салтының, дүниетанымының, тарихи тәжірибесінің және ұлттық құндылықтарының айнасы ретінде ерекше орын алады. Бүгінгі күнде фольклор тек өткеннің көрінісі ғана емес, сонымен қатар қазіргі руханиятты байытуға, ұлттық сана-сезімді қалыптастыруға, тарихи жадыны жаңғыртуға және ұлттың бірегейлігін сақтауға ықпал ететін маңызды құрал болып саналады. Оның ұлттық тәрбие берудегі, мәдени дәстүрлерді сақтаудағы және жас ұрпаққа рухани құндылықтарды жеткізудегі рөлі баға жетпес.

### Материалдар мен тәсілдер

Шығармашылық қашанда өз заманының, сол кезеңде қалыптасқан қоғамдық үрдістердің жемісі ғана емес, қоғамдық процестер мен өмірлік қағидалардың қаламгер санасында трансформациялануы арқылы да жасалады. Лирикалық кейіпкердің жан әлемі мен ақын дүниетанымының деңгейін танытуда фольклор көркемдік қызмет атқарады. Мыс: ақын Жанат Әскербекқызының өлеңдеріндегі көне ертегілік, эпостық образдар мен желілер арқылы фольклордағы әйелдер образы поэзияда қайта жаңғырған. Мысалға, Бекторы образына тоқталайық. Ертегілік сана тұрғысынан келсек, Бекторы – жағымсыз кейіпкер. Бекторы пері болса да, пендеге, Төстікке ғашық болады. Яғни Жанат Әскербекқызының өлеңіндегі Бекторы образы көне замандар мен қазіргі уақытты жалғастырып тұрған, ақындық қиялдың жүйріктігі арқылы қайта жаңғырған – архаикалық образ. Мұнда Бекторы образы уақыттың талабына сай және лирикалық кейіпкердің жан толқынысына байланысты іштей өзгешелікке ұшыраған. Ақын Бекторының ертегіде көрінбеген, тағы бір қырын, мыс: Бекторының пендеге ғашық болуына ерекше ден қойып, яғни періге адамзаттық қасиеттерді дарытып, дәстүрлі түсінікке өзгеріс енгізген.

Өлең мәтінінің алғашқы шумағынан бастап-ақ ақынның тікелей фольклорлық образға қатынасы бірден байқалады.

Пендеге айтпа өкпені,  
Перінің қызы Бекторы.

Бекторы мен лирикалық кейіпкердің арасындағы үндестік арқылы ақынның айтпауға және айтылуға тиіс идеясы жүйеленеді.

Сынықси күлмей сыр бүгіп,  
Көрсеттің несін сұм қылық<sup>1</sup>, –

деген жолдар көркем образды ашуға тікелей бағытталса,

Шаңына көміп кетті ме,  
Шалқұйрық мінген бір жігіт, –

дейтін жолдарымен лирикалық кейіпкердің жанындағы сезімді де айқын тануға болады. Төстіктің – Ер Төстік емес, Шалқұйрық мінген бір жігіт атауымен берілуі де образдық тұспалын берсе, өлеңдегі Сорқұдық, Кенжекей, Құба інген боталайтын жер – бәрі-бәрі жекеліктен жалпылық сипатқа ие болған.

Сорқұдық кімге сор мекен,  
Сорлы жер, шерге теңбе екен.  
Төстіктей ерді қай күні,  
Шыққыр да көзің көрді екен.

Ертедегі жер атауы «Сорқұдық» – ақын өмір сүріп отырған уақыттың, қоғамдық ортаның өлеңдегі нұсқасы.

Пешенеңнің де соры бар,  
Кездеспес пенде оны ұғар.  
Кенжекейдейін арудың,  
Кердендейтұғын жөні бар<sup>2</sup>.

Ақын арнайы Бекторыға қарата сөйлеп, «Кердендейтұғын» сөзінің эмоциялық мәнін арттыру арқылы Бекторының және лирикалық кейіпкердің жанындағы дертке мән бергісі келгендігін көрсетеді.

Ақынның ертегілік элементтерді өлеңде пайдалану шеберлігі:

Қайырылмас ару құшқан ер,  
Демемес тағы дұшпан ел.  
Бошалап кеткен құба інген,  
Боталап қалған тұсқа кел –

<sup>1</sup> Әскербекқызы Ж. Каз қанатындағы ғұмыр. Алматы, 2008. 86-б.

<sup>2</sup> Сонда. 86-б.

деген жолдардан да байқалады.

Мұнда ақын ертегінің нақты эпизодтарына мән берген. Өлең көркемдігі үшін Кенжекейдің сертпен белін буған матаның босауынан гөрі – «Бошалаған құба інген боталаған жер» – сағынышты жандардың қауышар орнының символында алынған.

Көңіліңді сөйтіп жұбат бір,  
Ақылды кекке шырақ қыл.  
...Жарты лашыққа аялдап,  
Жолаушы сусын сұрап тұр  
Талықсып шықшы алдынан,  
Төгілтіп тұрып сол бір ән.  
Тағдырын шеш деп өзіңнің...  
Төрелігіңе қалдырам.

Ертегіде жолаушының жарты лашыққа аялдайтын жері – құба інген боталайтын кезден бұрын болатын оқиға. Бекторы ықпалының «әлсірейтін» тұсы нақты көрінетін кез де осы. Ертегінің композициялық құрылымының өзгеруі поэзиялық шығарманың композициясына ерекше реңк береді. Бекторы өзінің өлеңдегі миссиясын толығымен атқарып, лирикалық кейіпкердің сезіміне ерік берген. Ақын «ақылын кекке шырақ қылуға» лирикалық кейіпкерді шақырады, өлеңдегі психологиялық драматизм, динамикалық қозғалыс тыншу табады. Керісінше, Бекторы образы өзінің перілік сипатына қайтадан оралғанын оқырман көңілі аңғарады.

Сондай-ақ осы ақынның «Ту сыртымнан Көкжорға кісінеді» өлеңінде «Қыз Жібек» эпосының сарыны лирикалық кейіпкердің логикалық прототипіне айналып, эпостағы арудың басындағы трагедиялық халі фон ретінде алынған. Жалғыз қалған Жібектің тағдыры арқылы махаббат, сүйіспеншілік сезімнің қасіретті күйін суреттеуде Көкжорға – кейіпкер сезіміне эталон ретінде пайдаланған.

Ту сыртымнан Көкжорға кісінеді,  
Кісінеді кімді еске түсіреді.  
Иесінің жоқтығы – өңім еді.  
Ту сыртымнан Көкжорға кісінеді<sup>3</sup>... –

дейтін өлең жолдары бастылысымен-ақ әрбір қазақтың танымындағы трагедиялық оқиға елес беріп, жорыққа кеткен Төлегеннің шылбырын сүйретіп иесіз жеткен атының суреті көз алдыға келеді.

Сүйгенінен айырылып аңырған, дағдарған сезімінің иесін іздеп аласұрған көк жорғаға балануы арқылы адамның ішкі сезімдерін жандандырып, дербес образға балайтын көне фольклорлық әдіс қайта жаңғырған.

Сор тіледі, қайсысы бақ тіледі,  
Өзегімді ащы өксік қақ тіледі.  
Еңіреген Ертісті артқа тастап,

<sup>3</sup> Әскербекқызы Ж. Каз қанатындағы ғұмыр. Алматы, 2008. 89-б.

### Жағасынан Есілдің тапты мені<sup>4</sup>.

Осы өлеңдегі еңіреген Ертіс, көз ілген үміт, дұшпан жел, озбыр жел сияқты образды тіркестер де лирикалық кейіпкердің жан әлеміндегі арпалысты таныту үшін алынған фольклорлық ойсана сілемі. Өлеңнің соңына қарай сезімнің тұлғаланғандығы, қоршаған ортаның тұспалы болып тұрған дұшпан желдің қылығында да көне анимистік түсінік көркемделген. Өлең композициясына жымдаса кірігіп, әрбір ой образға салмақты ой салып тұрған да осы – фольклорлық қолданыстар. Лирикалық кейіпкердің кенеттен ғайыпқа сіңіп кететін соңғы шешімі де осыны айғақтайды.

Жалпы, Жанат Әскербекқызының шығармашылығында – фольклорлық метафора, меңзеу, тұспалдау тәсілі шеберлікпен қолданылады. Ақын дерексіз ұғымдарды заттандырып, жалқы ұғымдарды жалпыландырады. Өзі суреттеп отырған оқиға-образдың өзегіне терең бойлап, оның арғы, бергі тарихын тануға ұмтылады. Бұл талданған осы екі өлеңге ғана емес, ақынның толық шығармашылығына қатысты пікір.

Сондай-ақ, Ж.Әскербекқызы «Ертістің бойы» өлеңінде «ертегі» деген ұғымды «жайлы мекен» «өзгеше әлем» мағынасында жұмсайды.

Жезтырнағы бар, жез жүрек.  
Үрейлі күйді шертеді желі,  
Сұмдық бар жалғыз көзді еді.  
Толықсып тоғай тербетер баяу,  
Шайылып тәні жаңбырмен.  
Ертістің бойы мекенім еді,  
Ендігі қоныс қайданды.  
Мыстан күдіктің күңкілі.  
Қайтемін тағып жалғанға мінді,  
Мыстаннан қаштым түнді аттап.  
Толқынына ұрдым сорлы арманымды  
Орамалыма құндақтап<sup>5</sup>.

Ақынның “Ертістің бойы” өлеңіндегі мифтік – символикалық көріністердің де адамға тән уақыт пен кеңістіктегі шындықтың жарқылы мол бояу мен терең әсерлеп бедерлейтін айшығы қалың басталып, баяу тартатын не тоқырап қалатын әлжуаз қиял емес, желкенін көтеріп, айдан асып кететін асқақ, астарлы, қыран қанатты ой екпіні шырқау зеңгірінен түспей қояды<sup>6</sup>.

Бұл өлеңде жезтырнақ, мыстан кемпірдің санада сақталған жағымсыз образын тілдік кестеге пайдаланған. «Мыстан күдік» дегеніміз – жаман ой, яғни мыстан ол адамға жамандық істеуші болса, күдік сол жамандықтан шығады. Жезтырнақ, мыстан, жалғыз көзді дәу – бұлар ертедегі адамға жамандық жасаушылар, зұлым күштер. Ақынның өлеңдегі негізгі айтар ойы: Ертіс бойындағы жезтырнақ, жалғыз көзді дәу, мыстан секілді адамдардың жаман ниет жандардың көп болуы. Осылардың ауасымен

<sup>4</sup> Әскербекқызы Ж. Қаз қанатындағы ғұмыр. Алматы, 2008. 89-б.

<sup>5</sup> Әскербекқызы Ж. Қаз қанатындағы ғұмыр. Алматы, 2008. 18-б.

<sup>6</sup> Майтанов Б. Аспандағы ақиқат. Жұлдыз (журнал). 2008. № 3. 37-б.

тыныстай алмай, тынысы тарылған ақын сорлы арманын орамалына құндақтап толқынға лақтырады. Мұндағы су, толқын ұғымдарында судың тазартқыштың, киелілік мәні бар деуге болады.

Қазіргі қазақ поэзиясындағы өлеңдері оқырманның көңілінен шығып жүрген жас ақын қыздарымыздың бірі – Маржан Ершуованың «Аяз биге» атты өлеңінде Аязби образы ақындық қуат арқылы қайта тұлғаланған.

Хан тұлпарын, қаңтарып бәрін мініп,  
Ханшалар салса да әнін күліп.  
Жолын тауып құмырсқа жорғалаған,  
Өмір сүрген Аяз би әлін біліп.  
Ақылым аз екен деп тасымаған,  
Байлығым көп екен деп тасымаған.  
Алтын тақ, алтын тәжі арбаса да,  
Азбаған, ауыртпаған басын оған.  
Жағымпаздар жатқан соң бетке күліп,  
Болмасын деп күпірлік еткен ұмыт.  
Алтынды босағадан аттарында,  
Маңдайшаға қойыпты шекпен іліп.  
Дана қартым, сәскеде естимісің,  
Ұмытып жүр біреулер кештегісін.  
Жонға торсық байлатпас жаман аттай,  
Ақыл емес кресло өскені үшін.  
Жаямыз әлі талай керегені,  
Жасарады замана көгереді.  
Ертегі еліндегі Аяз би шал,  
Бүгінгі қоғамға да керек еді<sup>7</sup>...

деп, ертегідегі Аяз би шалдың әділдігін, адалдығын қазіргі қоғамдағы мансапқорларлық мінездерді сынаудың құралы етеді.

Мұнда, ертегілердегі ең әділ, ең ақылды адамды халық ортасынан шығаратын фольклор эстетикасына сай, «Аяз бидің» хандыққа қолы жетсе де мастанбай, адамшылық қасиетті жоғары қойған қасиеті ғибрат етіледі.

Алтынды босағадан аттарында,  
Маңдайшаға қойыпты шекпен іліп –

деген жолдармен ғибрат етіледі.

«Ертегі еліндегі Аяз би шал, Бүгінгі қоғамға да керек еді» – деген ойлар арқылы бүгінгі қоғамдағы адам болмысына көзқарасын білдірген өлең бойынан біз үш кейіпкерді көреміз. Ертегі еліндегі Аяз би шал, бұқара халықтың атынан сөйлеп тұрған ақын, және бүгінгі билік басындағы мансапқорлар. Аяз би образы арқылы бүгінгі билікке қолы жеткендердің жағымсыз тұстарын, Аяз би шалдың образын жаңғырту

<sup>7</sup>Ершуова М. Жапырақ-ғұмыр. Астана, 2001. 14-15-б.

арқылы, ертегі мен шындық өмірді байланыстыра отырып, қоғамға керек ынсап пен қанағатшылдықты іздейді.

Ақынның көркем образға қарым-қатынасы деректі ұғымдар мен ертегілік элементтердің өлеңде пайдаланылған тұстарында ғана қылаң береді. Яғни ақын «Аяз би» өлеңінде фольклорлық образды орынды пайдалана отырып, келелі ой айта білген.

Сондай-ақ ақын – Баян Бекетова сұлулыққа, адалдыққа, пәктікке ынтызарлық сезімдерін беру үшін «Күн астындағы Күнікей» атты өлеңінде фольклорлық образдарды қайта жаңғыртқан..

Жердің үсті сыз ба еді,  
Судың үсті мұз ба еді.  
Жаздан кейін күз ба еді,  
Жеген балым – тұз ба еді?  
Аспан асты жер ме еді,  
Жердің асты көр ме еді.  
Күн астында Күнікей  
Шыққыр көзің көрмеді!?  
Күнікейдің көздері  
Алтын шапақ, зер ме еді.  
Тістен шыққан сөздері  
Ақыл ма еді зерделі.  
Күнікейдің кеудесі,  
Шүпілдеген шер ме еді?<sup>8</sup>

Өлеңде лирикалық кейіпкердің сезімі күн астындағы Күнікей қыздың жан әлемімен үйлесімді алынады. Күнікейдің ерекше сұлу бейнесі, ақылы мен тәкаппарлығын өзіне серік еткен ақын өз бойындағы мұңы мен сезімін, ішкі шерін өз атынан емес, ертегілеріндегі Күнікей сұлудың атынан баяндайды. Өлеңді:

Күнікейдің кеудесі,  
Шүпілдеген шер ме еді.  
Шер ме еді...

деп аяқтау арқылы да ақын өзінің жан түкпіріндегі мұң-қайғысын өрнектейді.

Фольклорлық образдарды ой айтудың құралына айналдырып, ертегі әлеміндегі поэтикалық образдарды бүгінгі заманмен ұштастыра білген ақын Темірхан Медетбеков. Мысалы, ақынның «Ертегі әлемі» атты өлеңі бастан аяқ фольклорлық образдармен біте қайнасып жатыр.

Өлең мазмұнындағы ертегі кейіпкерлері Желаяқ, Көлтауысар, Таусоғар секілді батырлар ақынның рухани жан дүниесіне күш қайрат, шабыт сыйлайтын адам тұлғасында көрінетін мифтік образдар. Олар ертегінің бас қаһармандарының ұзақ сапарға шыққандағы шырғаландардан шығуға мүмкіндік туғызатын көмекшілері.

<sup>8</sup> Бекетова Б. Сәмбі тал. Алматы, 2001. 70-71-б.

Ертегі әлемім!  
Сені еске алып ем.  
Күндей күркіреп,

Айдаһардай бүктетіліп,  
Долданды тереңім...  
Көзді ашып жұмғанша<sup>9</sup>...

Осы жолдардағы ақынның өзінің шабытын күркіреген күнге, айдаһарға теңеуі, я болмаса «долданды тереңім» деп ақынның жан дүниесінің тереңдігін ағашқа балауы және «Көзді ашып жұмғанша...» дейтін жолдарында фольклорлық поэтика көркемдік мән иеленген. Ал, Желаяқ, Көлтауысар, Таусоғар образдарын тірілту арқылы ақынның лирикалық кейіпкері өмір қиындығына бой бермейтін батыр образына айналады. Ал, осы ақынның «Мыстан кемпір» өлеңінде ақын, өзін жауыз күштердің озбырлығына қаймықпай қарсы тұратын батырлық ертегі батырларындай сезінеді.

Алтын сақамды алам деп,  
Отырса тұра алмайтын,  
Тұрса отыра алмайтын  
Мыстан кемпірмен алыстым.  
Ол да қарысты,  
Мен де қарыстым<sup>10</sup>...

Қазақтың қиял-ғажайып ертегілері мен эпостық жырларында адамға жамандық ойлап жүретін мифтік образдардың бірі – жалмауыз кемпірмен мыстан. «Еділ-Жайық» ертегісінде ол адамға үстемдік етсе, «Алтын сақада» баладан жеңіліс табады. Яғни, жалмауыз кемпір табиғатының өзі де тарихи өзгерістерге ұшырап отырған.

Өзін ертегі, я эпос кейіпкерлері сияқты сезінетін лирикалық кейіпкердің рухы алдында тұрған ең жауыз бейне мыстан кемпірмен айқасып, оны жеңу арқылы рухы биіктей түседі. Ақын, алдыңғы талданған өлеңінде фольклорлық дос күштерді (Желаяқ, Таусоғар, т.б.) тірілту арқылы ой айтса, бұл өлеңінде адамға жау мыстан кемпірмен айқасып жеңу арқылы жақсылықтың үстемдік алуын аңсайды.

Жаным марқайып қалды,  
Күн қайта шықты.  
Жұлдыздар қайта жанды –

Қазақ фольклорында құт басы – еңбек. Осы ретпен ертеде қазақтар әртүрлі малдың өз иесі болады деп, Шопан ата, Қамбар ата, Ойсылқара, Зеңгі баба жайында мифтік әңгімелер тудырған. Қазақ ертегілері мен эпостық жырларына ертеден енген бұл нанымдар халық санасының сәби кезеңдерінен хабар береді. Өмір, қоғам, ой-сана ылғи даму үстінде болады десек, сол нанымдар арқылы халық өзінің тіршілігі мен іс-әрекеттерін фольклорда сәулелендірген.

<sup>9</sup> Медетбек Т. Көк түріктер сарыны. Алматы, 2007. 78-б.

<sup>10</sup> Сонда. 78-б.



Темірхан Медетбектің поэзияға жаңаша серпін беретін «Дүние не боп барады?» өлеңінде фольклорлық рух-ие туралы түсініктерді тірілту арқылы өткен мен бүгін салыстырылады.

Менің осы жеріме,  
Ойсылқара бабамыз,  
Қасиетін арттырып,  
Қара нарын шөктірген.  
Шопан атам аяңдап,  
Көк қошқарын алға сап,  
Саулықтарын қаптатып,  
Әр жусанның түбінде,  
Егізден төлін төктірген.  
Зеңгі бабам өзі кеп,  
Желіндері жер сызған.  
Ай мүйізді сиырыне,  
Мама ағашқа байлаған;  
Қамбар атам құраулап,  
Қолына алып құрығын  
Көшкен тоғай секілді,  
Қаптатып жылқы айдаған,  
Бір кездерде бұл жерім "  
Қасиеті артқан жер еді<sup>11</sup>, –

деп салмақты ой толғайды. «Менің осы жеріме» деген сөзге екпін түсіру арқылы ақын бұрынғы қазақтың кең байтақ жері мен төрт түлігін түлетіп, жазда жайлауға, қыста қыстауға көшкен тұрмыс-тіршілігін, үлкенді сыйлаған әдебін суреттеп, сол өмір суретін бүгінгі заманғы келеңсіздіктерге қарсы қояды. Өткеннің ұлағатты тұстарын дәстүр ету керек дейтін ойды ұстанады. Еңбеккерлікті уағыздайды.

Көкте самғаған тұз тағысын қолға үйретіп, өз кәдесіне жарату –аң аулауға бағыттау, адамзатқа ортақ құбылыс болғанымен, оның тамаша үлгісі далалық көшпенділердің арасында – қазақ, қырғыздарда жақсы сақталған. Тек сақталып қана қоймай, оның нақты үлгісі аз да болса табиғи түрде өмір сүреді, ең бастысы құсбегілікке қатысты таным – ырым, тыйым, бейнелі сөз, поэтикалық метафора, теңеу қазақтардың санасында берік орын алғандығы сонша, құсбегіліктегі кең тараған түрі – қыранмен аң аулау, бүркіт таптауды бүгінгі әлем «Қазақтардың төл мұрасы» деп түсінетіндігі – ұлт үшін мақтаныш. Бүгінгі егемен еліміздің мемлекеттік рәміздеріндегі қыран құс соның айқын дәлелі.

Тамырынан таратып текті сөз,  
Ал, арманшыл асыл халқым көкті кез.  
Көк байрақты қыран текті қазаққа,  
Күн астында қанат жаяр жетті кез<sup>3</sup>, –

<sup>11</sup> Медетбек Т. Көк түріктер сарыны. Алматы, 2007. 85-б.

<sup>3</sup> Райымбек М. Ай. Алматы, 2002. 23-б.

дейтін Маралтай Ыбырайымұлы өлеңіндегі қыран бейнесі бүкіл халық мінезінің баламасы ретінде берілсе, осы ақынның «Сұңқардың соры деген өлеңінде»:

Тірісінде-ақ аты аңызға айналған,  
Сұңқар еді ол,  
Бармағы көп шайналған,  
Көкке сіңіп ғайып болды қапыда,  
Бауын үзіп балағына байланған.  
Балақ бауы соқырлығы қоғамның  
Алдын кесіп, орлар қазды оған мың...  
Батырлықтың символы боп ол қалды,  
Бұлар қалды мәнін ұқпай обалдың<sup>1</sup>, –

деп Бауыржан Момышұлының батырлық қасиетін қыран қасиетімен алмастыру бар.

Жинақтай келгенде, мынадай ой қорытындыларын жасауға болады. Қазіргі кезеңдегі қазақ поэзиясы өзінің өсіп-өркендеу, жаңғыру жолында фольклорлық сана, ұғым, образдарды, фольклорлық поэтиканы сан түрлі тұрғыдан түлете пайдаланады. Бұл қаламгердің қалам қарымына, талант дәрежесі мен өмір тәжірбиесіне қарай әр түрлі сипат иеленеді.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Зерттеу барысында келесі нәтижелер алынды:

#### **1. Фольклор элементтерінің қазіргі поэзияда бейнеленуі**

Жанат Әскербекқызы мен Маржан Ершуованың шығармаларында қазақтың дәстүрлі фольклорлық мотивтері айқын көрініс тапқан. Мысалы, эпикалық батырлар образы, табиғатқа табыну, киелі аңдар мен құстардың символикасы қазіргі поэзиялық шығармаларда жаңа мәнге ие болған. Бұл элементтер авторлардың қазақ мәдениетіне деген құрметін және оны жаңғыртуға деген ұмтылысын көрсетеді.

#### **2. Заманауи тұрғыдағы мифтік образдар**

Зерттеу барысында мифтік образдардың қазіргі заманауи тақырыптармен үйлесімді қолданылғаны анықталды. Мысалы, Маржан Ершуованың кейбір өлеңдерінде ежелгі мифтерді экологиялық мәселелерге, урбанизация мен адамның табиғаттан алыстауы тақырыптарына бейімдегені байқалады.

#### **3. Дәстүрлі және қазіргі эстетиканың тоғысуы**

Авторлар өз шығармаларында фольклорлық дәстүрлерді қазіргі поэзияның эстетикалық талаптарымен шебер үйлестірген. Бұл әсіресе формалық шешімдер мен бейнелік қатарлар арқылы жүзеге асқан. Жанат Әскербекқызының өлеңдерінде дәстүрлі ұйқас пен ырғақ жаңа стильдік ізденістермен толықтырылған.

#### **4. Оқырманға әсері**

Зерттеу барысында фольклорлық элементтердің оқырман санасында қазақ халқының мәдени кодтарын жаңғыртатыны анықталды. Бұл әсіресе жас ұрпақ үшін

<sup>1</sup> Райымбек М. Ай. Алматы, 2002. 27-б.

маңызды, себебі фольклорлық элементтер қазақ болмысын тануға және түсінуге ықпал етеді.

### **Талқылау**

Бұл нәтижелер қазіргі қазақ поэзиясының тек әдебиет қана емес, сонымен қатар ұлттық бірегейлікті сақтау және дамыту құралы екенін көрсетеді. Жанат Әскербекқызы мен Маржан Ершуованың шығармалары фольклорлық дәстүрлерді сақтау мен жаңғыртудағы маңыздылығын айқындап, олардың шығармашылық ізденістері арқылы қазақ мәдениетінің жаңа қырларын ашып берді.

Сонымен қатар, фольклорлық элементтерді қолдану олардың шығармаларының оқырманмен эмоционалдық байланысын күшейтеді және қазақ мәдениетінің өзектілігін заманауи контексте дәлелдейді.

### **Қорытынды**

Зерттеу нәтижелері қазіргі қазақ поэзиясында фольклорлық элементтердің маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Жанат Әскербекқызы мен Маржан Ершуованың шығармашылығы дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімді синтезін қамтамасыз етіп, ұлттық мәдениетті сақтау мен дамытуға үлес қосады.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Әскербекқызы Ж. Қазақ поэзиясындағы фольклорлық дәстүрлер. Алматы: Өнер, 2015.
2. Ершуова М. Ұлттық әдебиет және оның қазіргі көріністері. Астана: Фолиант, 2020.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Санат, 2003.
4. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы: Мектеп, 1999.
5. Нұрғали Р. Әдебиет және ұлт рухы. Алматы: Ғылым, 2004.
6. Хасенов Б. Фольклорлық мотивтердің қазіргі поэзиядағы орны. Алматы: Арда, 2017.
7. Қыраубаева А. Қазақ мифологиясы және әдебиет. Алматы: Жазушы, 1994.
8. Ахметова Г. Қазіргі әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық. Астана: Қазақ университеті, 2019.
9. Аймаұытов Ж. Мағжан поэзиясының әлемі. Алматы: Ғылым, 1988.
10. Смағұлов А. Қазақ әдебиетінің тарихи-теориялық негіздері. Алматы: Рухани жаңғыру, 2021.

## ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАР – ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ И ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ – PEDAGOGICAL AND PSYCHOLOGICAL SCIENCES

ӘОЖ 347.1

**Кариева Калия Утеповна**

Педагогика ғылымдарының кандидаты, информатика кафедрасының доценті  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті  
(Астана қаласы, Қазақстан)

**Ізбасарова Мәдина Русланқызы**

2 курс магистранты  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті  
(Астана қаласы, Қазақстан)

### ТЕСТ ЖҮЙЕСІНІҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ЖІКТЕЛУІ

**Аңдатпа:** Бұл мақалада мұғалімдерге арналған тест жүйесінің бірқатар артықшылықтары, оларды қолдану процесінде тесттердің мақсаты мен мазмұны бойынша жіктелуі қарастырылады. Зерттеушілер бұл тұжырымға әртүрлі көзқарастарды қарастырады.

**Түйін сөздер:** тест, педагогикалық жүйе.

Тест әдісін американдық психолог Д. М. Кеттелл ХІХ ғасырдың соңында енгізді. Әдістің мәні мүмкіндігінше аз эксперимент арқылы адамның жеке басын сипаттау болды. Д.М. Кэттеллдің идеяларын француз психологы Альфред Бине одан әрі зерттеді және ол тұлғаны жан – жақты зерттеу үшін «синтетикалық эксперимент» жүргізуге тырысты (1864) [1]. Педагогикалық тұрғыдан тестологияның дамуы ХХ ғасырдың басында басталды. Американдық ғалым В. А. Макколл тесттерді екі топқа бөлді: педагогикалық (Educational Test) және психологиялық (Intelligence Test). Педагогикалық тестілердің негізгі міндеті оқушылардың белгілі бір оқу кезеңінде белгілі бір мектеп пәндері бойынша білім алуының деңгейін өлшеу болды. Ғалым жүргізген педагогикалық тесттер материалдың бірдей көлемін бірдей жылдамдықпен игеретін білім алушылар тобына біріктіруге бағытталған [2].

Білім беру жүйесінде тестілеуді қолдану тәжірибесі тесттің көптеген артықшылықтары мен кемшіліктері бар екенін көрсетеді. Бір жағынан, тест тапсыру және нәтижелерді алу жеңілдетілген, стандартталған және объективтіленген. Бұл тестілеудің оңай, әрі қолжетімділігін көрсетеді. Екінші жағынан, мұндай тестілеу көбінесе нақтылықты бермейді, яғни оқушылардың білімінің жоғары немесе төмендігін дәл көрсетпейді. Одан да жаманы, оларды пәнді оқудың орнына жауаптарды болжауға дағдыландыруы мүмкін [3]. Сонымен қатар, тестілеу кезінде оқушылардың дұрыс емес жауаптарды есте сақтап қалу мүмкіндігі бар. Сондықтан,

тесттен кейін кері байланыс алу, қатемен жұмыс жасау маңызды. Тестілеу ағымдағы, аралық және қорытынды білімді тексеру үшін сәтті қолданылуы мүмкін. Тестілеу арқылы оқушылардың білімін тұтастай тексеруге болады, яғни алған білімдерін, дағдыларын жетілдіру және оқудағы олқылықтарды анықтай аламыз. Тест бақылау жұмысына қарағанда несімен ерекшеленеді?

Тест (ағылшынша "test" сөзінен - сынақ, тексеру, бақылау, жаттығу, зерттеу) – бұл игерілген білімді бағалаудың арнайы әзірленген жүйесін пайдаланып, белгілі бір пәнді меңгеру деңгейін тексеруге мүмкіндік беретін тапсырмалар жүйесі. Осылайша, тестілеу – арнайы тесттік тапсырмаларды орындау арқылы білім алушының білім, білік және дағдыларын тексеру әдісі [4].

Жаринова Е.Г. және Черняева Е.В. атап өткендей тест тапсырмалары бірнеше критерийлерге сай болуы керек. *Біріншіден*, тест тапсырмасы қысқа және техникалық болуы керек. *Екіншіден*, тест тапсырмасы логикалық түрде тұжырымдалуы керек. *Үшіншіден*, бағалау ережелері мен орындауға арналған нұсқаулық барлық пәндер үшін бірдей болуы керек [5].

Тестілеу мұғалімдерге де бірқатар артықшылықтар береді, олардың кейбіреулері төменде берілген:

*Біріншіден*, бағалау кезінде алынған нәтижелердің объективтілігі. Бұл фактор тестілеу процессінің өзін стандарттаумен түсіндіріледі, яғни барлық білім алушылар тесттің барлық кезеңдерінде бірдей жағдайда болады.

*Екіншіден*, тексеру процесін автоматтандыру есебінен мұғалімнің уақытын үнемдеу. Ең көп ресурсты қажет ететін кезең тест материалын әзірлеу болып табылады, өйткені көп уақыт пен энергияны қажет етеді, бірақ бір реттік сипатта болады. Яғни, тест мұғалімнің жұмысын процесті бақылауға және алынған мәліметтерді талдауға дейін азайтады.

*Үшіншіден*, барлық өткен материалдар бойынша оқушылардың ағымдағы үлгерімін бағалау. Тестілеуді өткізу барлық оқушылардың, атап айтқанда әр оқушының білімін тексеруге және білім алу кезінде кеткен қателіктерді түзетуге мүмкіндік береді [6].

Тесттерді пайдалану барысында олардың мақсаты және мазмұны бойынша жіктелуі қалыптасты, олар:

- тұлғалық тесттер – индивидуумның эмоциональдық-жігерлік қасиеттерін бағалау үшін;
- интеллект тесттер – танымдық процесстер мен ойлау функцияларының даму деңгейін талдау үшін;
- қабілеттілік тесттер – түрлі іс-әрекеттерді меңгеру мүмкіндіктерін бағалау үшін;
- жетістіктер тесттері – олар көмегімен оқытудан кейінгі білімдер, біліктер, дағдылар бағаланады [7].

Жалпы алғанда, тесттердің қолдану барысына, педагогикалық мақсатына, функциясына, міндеттеріне қарай түрлері өте көп. Соның ішінде, Чельшкова М.Б. педагогикалық тесттердің төрт түрін ажыратып көрсетеді: енгізуші, қалыптастырушы,

диагностикалық және қорытынды тесттер. Олар құрылуы мен беретін нәтижесіне байланысты бір – бірінен ерекшеленуі мүмкін (1-сурет)[8].



1-сурет. Педагогикалық тесттің түрлері

Жоғарыда айтылғандай, тест тапсырмаларын дайындауға белгілі бір талаптар қойылады, олардың ең толық және жалпыланған сипаттамасын В.С.Ким ұсынады [9]. Оларға біріншіден, тест түрін (нормативтік критериалды және критериалды) және тестілеу түрін (қорытынды, ағымдық, өзін-өзі бақылау) ескере отырып, оның мақсатын нақты көрсету болып табылатын тапсырманың мақсаты жатады. Екіншіден, тапсырманы тест түрінде тұжырымдау қысқа болуы керек, яғни қысқа және сөздердің негізсіз қайталануын болдырмау керек. Үшіншіден, тестілік тапсырманы автоматты (компьютерлік) режимде пайдалану мүмкіндігін қарастыру.

Әр түрлі зерттеушілер бұл талапқа қатысты әр түрлі көзқарастарды ұстанатындығы да анық. Соның ішінде, И. А. Рапопорт, Р. Селг, и. Соттер [10] мұғалімдерге арналған нұсқаулығында белгілері бойынша екі топқа топтастырылған тесттердің жіктелуін көрсетеді:

1. Функционалдық және мазмұндық ерекшеліктері бойынша:
  - 1). қолдану мақсаттары бойынша:
    - a). анықтаушы тесттер;
    - b). диагностикалық тесттер;
    - c). болжамды тесттер;
  - 2). жүргізілетін бақылау түрі бойынша:
    - a). ағымдағы тесттер;
    - b). аралық бақылау тестілері (тоқсанның, бөлімнің соңында);
    - c). қорытынды бақылау тестілері (оқу жылының соңында);
  - 3). мониторинг бағдарламасына сәйкес:
    - a). стандартталған тесттер;
    - b). стандартталмаған тесттер;

4) тест тапсырмаларының бағытына сәйкес:

a). дискретті тесттер;

b). жаһандық тесттер;

5) нормаларға немесе өлшемшарттарға сәйкес:

a). нормаларға бағытталған тесттер;

b). критерийлерге бағытталған тесттер.

2. Ресми (сыртқы) белгілер бойынша:

1). Жауап құрылымы мен әдісі бойынша:

a). таңдамалы тесттер;

b). еркін құрастырылған жауаппен тесттер;

2). іріктемелі жауаптардың сипаты бойынша:

a). бір жауапты тесттер;

b). бірнеше жауапты тесттер;

c). кросс-таңдау тесттері;

3). тапсырмалардың біртектілігіне:

a). бірдей күрделі тапсырмалардан тұратын жылдамдыққа арналған тесттер;

b). барған сайын күрделі тапсырмалардан тұратын күрделілік тесттері;

4). презентация тәсілі бойынша:

a) Оқытудың техникалық құралдарын пайдалана отырып;

b) Оқытудың техникалық құралдарын пайдаланбай;

А.Н. Майоров [11] тесттерді типтері бойынша бөліп, келесі белгілер бойынша жіктейді:

Құру процедурасы бойынша:

1). стандартталған;

2). стандартталмаған.

1. Ұсыну тәсілі бойынша:

1). бланкілер:

a). тест дәптерлерін қолдану;

b). бланкілерді пайдалану;

2). пәндік;

3). аппараттық (зейін, қабылдау, есте сақтау және ойлау ерекшеліктерін зерттеуге арналған құрылғыларды қолданатын тесттер);

4). практикалық (зертханалық жұмыстарға ұқсас);

5). компьютерлік.

2. Алдын ала жазылу бойынша:

1). жалпы диагностика (тұлғалық тесттер, жалпы интеллект тесттері);

2). кәсіби қабілеттері;

3). арнайы қабілеттер (техникалық, музыкалық және т. б.);

4). жетістіктер (оқу процесінде оқушылардың қол жеткізген нәтижелерін бағалауға арналған тесттер):

a). кеңінен бағытталған (оқыту процесінің тиімділігін оның негізгі мақсаттарының бірін, яғни білім мен дағдылар жүйесін іске асыру дәрежесі бойынша бағалауға мүмкіндік береді);

б). кеңінен емес бағытталған (жекелеген пәндерді, тақырыптарды игеру процесінде оқушылардың жетістіктерін анықтауға бағытталған).

3. Бір мезгілде тапсыру бойынша:

- 1). жеке;
- 2). топтық.

4. Жауаптар нысаны бойынша:

- 1). ауызша;
- 2). жазбаша.

5. Лидерлікке бағдарлану бойынша:

- 1). жылдамдық тесттері (уақыты шектеулі қарапайым тапсырмалар);
- 2). өнімділік тесттері (уақыт нақты шектелмеген);
- 3). аралас тесттер.

6. Тапсырмалардың дәрежесі бойынша:

1). біртекті (жеке тұлғаның бір қасиетін немесе сапасын бағалау үшін бір шкаласы бар және формасы ұқсас, бірақ мазмұны жағынан әртүрлі тапсырмаларды қамтиды);

2). көпөлшемді (жеке тұлғаның әртүрлі сипаттамаларын бағалауға мүмкіндік беретін бірнеше шкаласы бар және мазмұны бойынша ерекшеленетін тапсырмаларды қамтиды);

7. Іс-әрекеттің сипаты бойынша:

- 1). вербалды (ақыл-ой арқылы орындау қажеттілігімен байланысты);
- 2). вербалды емес (заттармен, карточкалармен, блоктармен, бөлшектермен практикалық әрекеттерге байланысты).

8. Бағыт бойынша, яғни тесттің көмегімен нақты нені зерттеу керек:

- 1). интеллект тесттері;
  - 2). тұлғалық тесттер;
- жетістіктерге арналған тесттер.

9. Объективті (тест тапсырушының субъективті интерпретацияларын қолдануы қарастырылмаған) және проективті (жауаптардың алуан түрлілігіне және тест тапсырушының интерпретациясында белгілі бір субъективтіліктің көрінуіне жол беріледі) тесттер.

10. Нормалау түрі бойынша:

1). статистикалық нормаларға бағдарланған (салыстыру үшін осы тестті субъектілердің репрезентативті үлгісімен орындау кезінде алынған статистикалық білім негіз болып табылады);

- 2). критериалды-бағдарланған (жеке жетістіктер деңгейін айқындау үшін);
- 3). болжамдық;
- 4). қалыптан тыс.

11. Сұрақтарға жауаптардың сипаты бойынша:

- 1). ашық үлгідегі (толықтыруға арналған тапсырмалар, еркін баяндау);
- 2). жабық типтегі (балама жауаптар (иә/жоқ), салыстыру тапсырмалары, бірнеше таңдау, артық таңдау, ұқсастықты бөлектеу тапсырмалары, тізбекті аяқтау тапсырмалары).




**1-кесте. Әр түрлі тест жүйелерінің артықшылықтары мен кемшіліктері.**

<b>Қосымшаның атауы</b>	<b>Артықшылықтары</b>	<b>Кемшіліктері</b>
<b>SoloLearn</b>	Негізгі материалдар мен тесттерге тегін қол жеткізу.	Кейбір күрделендірілген курстар ақылы.
	Қызықты және ыңғайлы интерфейс.	Тегін тесттер тым қарапайым болуы мүмкін.
	Программалауға қатысты көптеген курстар мен әртүрлі тақырыптарды қамтиды.	
	Кез – келген деңгейдегі пайдаланушылар үшін қолайлы.	
	Мотивацияны арттыру үшін ойын арқылы ұсынылатын тапсырмаларды қамтиды.	
	Басқа пайдаланушылармен байланысу, сұрақтар қою және тәжірибемен бөлісу мүмкіндігі.	
<b>Codecademy</b>	әртүрлі бағдарламалау тілдері, веб-сайт құру, деректерді талдау және машиналық оқыту сияқты т.б. тақырыптар бойынша курстарды ұсынады.	курстардың көпшілігі тек ақылы түрде қол жетімді.
	Codecademy-дегі бүкіл курс студенттерге нақты уақыт режимінде практикалық дағдыларды алуға мүмкіндік беретін интерактивті орта ретінде ұсынылған.	курстардың көбісі бастапқы деңгейге бағытталған, сондықтан жоғары деңгейдегі студенттерге күрделі тапсырмалар мен ақпараттар жетіспеуі мүмкін.
	сұрақтар немесе мәселелер туындаған жағдайда көмектесе алатын пайдаланушылар мен тәлімгерлердің үлкен ортасы бар.	Жүйені пайдалану үшін Интернетке үнемі қосылу қажет.
<b>Programming Hub</b>	Платформа Java, Python, C++, Ruby, JavaScript,	Пайдаланушылар тестілеу жүйесін шектеулі көлемде

	<p>Kotlin, Swift, SQL және т.б. көптеген бағдарламалау тілдерін қамтиды.</p>	<p>ғана пайдаланады. Өйткені, курстардың тереңдетілген түрі ақылы.</p>
	<p>Пайдаланушыларға өз қателіктерімен жұмыс жасауға, дағдыларын жақсартуға, білімдерін нығайтуға мүмкіндік беретін тестілеу нәтижелері бойынша кері байланыс береді.</p>	<p>кейбір тестілеу жүйелері сияқты кең функционалдылыққа ие емес. Мысалы, платформадан тыс тестілерді құру және өңдеу мүмкіндігі.</p>
	<p>қолданбаның көптеген функциялары интернетсіз жұмыс жасайды.</p>	
<b>Online School</b>	<p>Курстар мен тесттерді кәсіби оқытушылар әзірлейді, бұл мазмұнның жоғары сапасына кепілдік береді.</p>	<p>Кейбір курстар мен тесттер ақылы, бұл кейбір қолданушылар үшін қол жетімсіз болуы мүмкін.</p>
	<p>Оқушыларға материалды жақсы меңгеруге және олардың жетістіктерін бақылауға мүмкіндік беретін интерактивті оқыту форматы.</p>	<p>Оқытушылардан кері байланыс алу және материалдар бойынша сұрақтар қою мүмкіндігі шектеулі.</p>
		<p>Платформаны тиімді пайдалану үшін тұрақты Интернет байланысы қажет.</p>
<b>iTest</b>	<p>Қолданба тегін түрде жұмыс жасайды.</p>	<p>Кейбір пайдаланушылар пайдаланушы интерфейсі басқа жүйелердегідей заманауи емес деп ойлауы мүмкін;</p>
	<p>Интерфейсі өте жеңіл, әрі ыңғайлы. Бұл пайдаланушының жұмысын жеңілдетеді.;</p>	<p>Кейде жүйе қате жауаптар береді, бұл төмен нәтижелерге әкелуі мүмкін.</p>
	<p>Тест жүйесі бірнеше таңдау, сәйкестендіру, шындық / жалған, ашық жауап және т. б. сияқты сұрақтардың бірнеше түрін</p>	<p>Кері байланыс пен қатемен жұмыс жасау мүмкіндігі жоқ;</p>

	қолдайды.;	
<b>Bilimber</b>	Қолданбаның интерфейсі қолдануға ыңғайлы.	Қолданбада пайдаланушыға кедергі келтіруі мүмкін жарнамалар бар.
	Қолданба әртүрлі тақырыптар бойынша көптеген тесттерді ұсынады, бұл пайдаланушыларға өздерінің қызығушылықтары мен мақсаттарына сәйкес тесттерді таңдауға мүмкіндік береді.	
	Көптеген тесттер тегін және бұл қосымшаның пайдалану мүмкіндігін жоғарылатады.	

Сонымен, біз жоғарыдағы мәліметтерді ескере отырып тест жүйесінің ерекшелігіне тоқталамыз. Оқушылардың телефоны арқылы тест тапсырмаларын орындауға, орындалуының дұрыстығын тексеру, яғни қатемен жұмыс жасауға, қорытынды статистиканы жинап, талдау және бағалау үшін мұғалімге жіберуге мүмкіндік ашады. Төменде тест жүйесінің жұмыс жасау қадамдары берілген (2-сурет).



2-сурет. Тест жүйесінің жұмыс жасау қадамы.

Бұл дегеніміз білім алушылардың білім сапасын көтерудегі тестілеудің шешетін негізгі міндеті – бағалаудың сенімділігін, оқу процесінің тиімділігін арттыру және оқытудың шығармашылық әдісін дамыту.

### **Қорытынды**

Тест жүйесі қазіргі білім беру процесінде маңызды құрал болып табылады. Ол білім алушылардың оқу материалын игеру деңгейін объективті түрде бағалауға, олардың біліміндегі олқылықтарды анықтауға және оқу тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Тестілеу технологияларының үнемі жаңарып отыруы педагогтарға оқу үдерісін жеңілдетуге және оқушылардың білімін бағалаудың шығармашылық әдістерін дамытуға жағдай жасайды.

Мақаланың зерттеулері көрсеткендей, тест жүйесін сәтті енгізу және оны тиімді пайдалану үшін тапсырмаларды дайындау әдістемесін жетілдіру қажет. Бұл білім сапасын арттырудың басты қадамдарының бірі болып табылады.

### **Қолданылған әдебиеттер**

1. Овчаренко В. П. (2013). К вопросу об истории развития лингводидактического тестирования // Известия ЮФУ. Технические науки, №10 (147), 78-83
2. Мышко С. А. (1982). Проблема тестирования в системе образования США
3. Григорьева А. И., Колодин М. Ю. (2011). Перспективный подход к тестированию знаний и тестов // Дистанционное и виртуальное обучение, № 10, 84–91
4. Жаркова Л.И., Картушина Н.В. (2017). Тестирование как метод контроля знаний при обучении иностранным языкам // Интернет-журнал «Мир науки», Том 5, №2
5. Жаринова Е.Г., Черняева Е.В. (2016). Использование тестов и тестовых заданий на контрольных занятиях по английскому языку // Научно-практическая конференция в рамках «Недели науки» ФИЯ МАИ-НИУ, посвященная 55-летию полета Ю. Гагарина. Сборник докладов. Выпуск №8. М.: Перо, 43-46
6. Л. Л. Рыскина (2017). Тестирование как метод проверки и оценки текущей успеваемости обучающихся. Вестник ТГПУ (TSPU Bulletin). 9 (186)
7. М.А. Султанов, А.С. Тухиева (2021). Білім беру саласындағы замануи тестілеу технологиялары. М. Әуезов атындағы ОҚМУ ғылыми еңбектері, №1 (57), 106 – 109
8. Чельшкова, М. Б. Теория и практика конструирования педагогических тестов : учеб, пособие / М. Б. Чельшкова. — М. : Логос, 2002.
9. Ким, В. С. Тестирование учебных достижений : монография / В. С. Ким. — Уссурийск : Изд-во УГПИ, 2007. — 214 с
10. Рапопорт И. А., Селг Р., Соттер И. (1989). Тесты в обучении иностранным языкам: результаты двадцатилетнего эксперимента [Электронный ресурс]. Иностранные языки в школе, 1989 (6), 19-24. Извлечено из <https://clck.ru/rHFJZ>
11. Майоров, А. Н. (1997). Тесты школьных достижений: разработка, внедрение, использование (2-е изд.). Санкт-Петербург: Образование и культура.

УДК: 81-13

**Каландарова Наргис Шарифовна**

Магистрант 2 курса

«Педагогические измерения»

ЕНУ им.Л.Н. Гумилева

(Астана, Казахстан)

**Научный руководитель:** Абильдинова Г.М.

## **НОВЫЕ МЕТОДЫ ИЗМЕРЕНИЯ НАВЫКОВ ПОНИМАНИЯ ТЕКСТОВ НА АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ В ШКОЛЕ**

**Аннотация:** В статье рассматриваются современные подходы к измерению навыков понимания текстов на английском языке в школьной практике. Особое внимание уделено когнитивным методам, включая создание когнитивных карт, мониторинг глазодвигательной активности и использование нейропсихологических тестов, а также цифровым технологиям, таким как онлайн-тестирование и образовательные игры. На основе эксперимента с участием школьников 7–9 классов проанализировано влияние этих методов на развитие критического мышления, структурирования информации и глубинного понимания текстов. Результаты исследования демонстрируют, что инновационные подходы значительно повышают уровень усвоения материала и стимулируют мотивацию учащихся. Статья подчеркивает значимость интеграции когнитивных и цифровых технологий в образовательный процесс.

**Ключевые слова:** английский язык, когнитивные методы, цифровые технологии, образовательные игры, eye-tracking, критическое мышление, школьное обучение.

**Введение.** Понимание текста на иностранном языке является одной из ключевых составляющих языковой компетенции. В условиях глобализации и растущих требований к владению иностранными языками, особенно английским, возникает необходимость в разработке новых методов оценки и совершенствования навыков понимания текста. Традиционные методы, такие как тестирование с выбором правильного ответа, пересказ и перевод, часто не обеспечивают комплексной оценки навыков чтения. Это связано с ограниченностью подходов и невозможностью учета всех аспектов восприятия текста. Например, при использовании традиционных тестов акцент делается на понимание базовых фактов, в то время как глубинное понимание и критическое мышление остаются в стороне [1], [2].

С учетом современных требований к качеству обучения иностранным языкам, внедрение инновационных методов, включая когнитивные подходы и цифровые технологии, становится особенно актуальным. Такие методы позволяют анализировать и развивать не только поверхностные навыки восприятия текста, но и сложные когнитивные процессы, включая структурирование информации, прогнозирование содержания и критическое осмысление [3], [4]. Настоящая статья направлена на

изучение современных методов оценки навыков понимания текста, их теоретическую основу и практическое применение в образовательной практике.

## **Традиционные методы оценки понимания текста**

### ***Тестирование с выбором правильного ответа***

Этот метод является одним из самых распространенных, так как позволяет быстро проверить знания большого количества учеников. Однако он имеет свои ограничения. Например, ученики могут угадывать ответы, что снижает объективность оценки [1]. Кроме того, такой подход не всегда позволяет выявить умение анализировать текст или понимать скрытые смыслы. Важно отметить, что тесты с выбором ответа ограничивают учащихся в возможности высказывать свое мнение или демонстрировать креативное мышление. Это может негативно сказываться на их мотивации, особенно в условиях сложных текстов, где требуется интерпретация.

Существует и другая проблема: тесты с выбором ответа часто сосредоточены на проверке фактов, а не на способности к критическому осмыслению. Например, вопросы могут касаться исключительно запоминания информации, что не стимулирует учеников к применению прочитанного материала в новых ситуациях. Это делает метод менее подходящим для обучения навыкам анализа и синтеза.

### ***Пересказ***

Пересказ позволяет оценить, насколько ученик способен воспроизводить основные идеи текста. Однако этот метод также не лишен недостатков. В частности, он может быть субъективным, так как качество пересказа зависит от уровня языковых навыков ученика [2]. Кроме того, пересказ зачастую оценивает только способность ученика воспроизводить текст, не акцентируя внимание на его способности к интерпретации или анализу.

Еще одним важным аспектом является влияние уровня владения языком на результат. Например, ученик с высоким уровнем говорения может пересказать текст более четко, чем тот, кто владеет языком на среднем уровне, даже если их понимание текста идентично. Это может приводить к искажению результатов оценки.

### ***Перевод текста***

Перевод является одним из самых старых методов проверки понимания текста. Он позволяет оценить, насколько ученик понимает текст и способен передать его смысл на другом языке. Однако перевод может смещать акцент с понимания текста на языковые навыки, что затрудняет объективную оценку [3]. Кроме того, перевод требует от ученика владения сразу двумя языками, что может создать дополнительные трудности для тех, кто не уверен в своих лексических и грамматических навыках.

Также перевод часто акцентирует внимание на точности передачи содержания, не учитывая стилистические или культурные особенности текста. Это может ограничивать творческий подход учащихся и их способность к адаптации текста для определенной аудитории.

## **Когнитивные подходы**

### ***Создание когнитивных карт***

Когнитивные карты представляют собой графическое отображение содержания текста. Этот метод помогает ученикам структурировать информацию, выделять ключевые идеи и устанавливать связи между ними. Например, при изучении темы «Изменение климата» ученикам предлагается создать когнитивную карту, выделяя причины, последствия и возможные пути решения проблемы [4]. Такой подход способствует развитию умений систематизации и упрощает процесс запоминания сложных текстов.

Кроме того, использование когнитивных карт стимулирует развитие визуального восприятия и когнитивных навыков, таких как сопоставление информации и установление логических связей. Это делает метод особенно полезным для учеников с разными стилями обучения, включая визуалов, которые воспринимают информацию через изображения лучше, чем через текст.

### ***Мониторинг глазодвигательной активности (eye-tracking)***

Использование eye-tracking технологии позволяет анализировать процесс чтения. Этот метод дает возможность увидеть, какие части текста вызывают трудности, а также выявить стратегии чтения учащихся. Например, медленное чтение определенных абзацев может свидетельствовать о необходимости дополнительного объяснения или упрощения материала [5]. Eye-tracking также помогает преподавателям лучше понимать, какие типы текстов сложнее воспринимаются учениками, и вносить изменения в образовательный процесс.

Кроме того, результаты eye-tracking исследований могут использоваться для индивидуализации обучения. Например, данные о времени фиксации взгляда на определенных словах могут показывать, какие аспекты текста вызывают трудности, позволяя разработать целевые упражнения для улучшения понимания.

### ***Нейропсихологические тесты***

Этот метод основан на измерении когнитивных функций, таких как память, внимание и способность к анализу. Нейропсихологические тесты позволяют понять, какие факторы влияют на успешность понимания текста, и разрабатывать индивидуализированные подходы к обучению [6]. Эти тесты также помогают выявлять скрытые проблемы, такие как дефицит внимания или слабые навыки логического мышления, которые могут мешать успешному освоению материала.

Дополнительно, нейропсихологические тесты позволяют оценить, как разные типы текстов (например, описательные, повествовательные или аргументативные) воспринимаются учащимися. Это помогает преподавателям выбирать наиболее подходящие материалы для разных групп учеников.

### ***Цифровые технологии***

#### ***Онлайн-тестирование***

Платформы для онлайн-тестирования обеспечивают автоматизацию процесса оценки. Они позволяют не только проверять базовые знания, но и анализировать

ошибки учеников с использованием алгоритмов искусственного интеллекта [7]. Например, современные системы способны предоставлять подробную обратную связь, объясняя, почему выбранный учеником ответ является неверным, и предлагать дополнительные материалы для изучения.

Кроме того, онлайн-тестирование делает процесс обучения более гибким. Ученики могут проходить тесты в удобное для них время, а учителя получают доступ к результатам в режиме реального времени, что облегчает процесс мониторинга успеваемости.

### ***Образовательные игры и симуляции***

Игровые технологии, такие как квесты или интерактивные симуляции, мотивируют учеников и делают процесс обучения более увлекательным. Например, ученикам предлагается пройти квест, основанный на тексте о знаменитом историческом событии, выполняя задания и отвечая на вопросы [8]. Такой подход не только развивает навыки понимания текста, но и стимулирует интерес к учебе, особенно у младших учащихся.

Игры также позволяют интегрировать элементы соревнования, что может быть особенно полезным для повышения мотивации. Например, учащиеся могут соревноваться друг с другом, набирая баллы за правильные ответы, что способствует вовлечению в процесс обучения.

### ***Системы искусственного интеллекта***

Системы ИИ, такие как Grammarly или Turnitin, могут анализировать тексты и ответы учеников, предоставляя рекомендации по улучшению навыков понимания текста и структурированию информации [9]. Эти технологии способны автоматически выявлять ошибки и предлагать способы их исправления, что помогает учащимся развивать самостоятельность в обучении.

Кроме того, ИИ может быть использован для создания индивидуальных программ обучения, адаптированных под потребности каждого ученика. Например, системы могут анализировать успехи и трудности учащегося и предлагать упражнения, которые направлены на улучшение именно тех навыков, которые требуют доработки.

## **Практическая часть**

### ***Описание эксперимента***

Эксперимент был проведен в трех школах и включал 120 учеников 7–9 классов. Все ученики были разделены на две группы: контрольную и экспериментальную. В контрольной группе использовались традиционные методы обучения, такие как тестирование с выбором правильного ответа, пересказ и перевод текстов. Экспериментальная группа, в свою очередь, работала с использованием когнитивных подходов и цифровых технологий, что позволило проверить их влияние на результаты обучения. Для более точного анализа результативности эксперимента использовались заранее определенные критерии, такие как способность учеников к критическому осмыслению текста и структурированию информации.



### ***Этап 1: Предварительное тестирование***

На этом этапе были использованы традиционные тесты с выбором правильного ответа и задания на пересказ. Это позволило определить базовый уровень навыков учеников. Кроме того, для более детальной диагностики было проведено анкетирование, в котором ученики описывали свои стратегии чтения и трудности, с которыми они сталкиваются при анализе текстов. Это дало возможность выявить основные проблемы и подготовить соответствующие упражнения для экспериментальной группы. Полученные данные показали, что большинство учеников испытывали затруднения с анализом сложных текстов и выделением ключевых идей.

### ***Этап 2: Учебные занятия***

В течение одного месяца экспериментальная группа использовала когнитивные методы и цифровые технологии. Например, учащиеся создавали когнитивные карты и выполняли задания на платформах онлайн-обучения. Контрольная группа занималась по традиционным методикам, таким как чтение текстов и ответы на вопросы. Занятия экспериментальной группы включали не только теоретическое изучение материала, но и выполнение интерактивных заданий, таких как квесты и симуляции, направленные на закрепление навыков. В процессе занятий проводились промежуточные тесты, чтобы определить динамику изменений в уровне понимания текста.

### ***Этап 3: Итоговое тестирование***

